

КЕЛІСЕМІН
ҚР БҒМ Тәрбие жұмысы
және жастар саясаты
департаментінің директоры
_____ Е.Әукенов
2009 жылғы «__» _____

БЕКІТЕМІН
«Нұр Отан» ХДП
«Жас Отан» ЖҚ
Атқарушы хатшысы
_____ Н.С. Өтешев
2009 жылғы «__» _____



"Нұр Отан" ХДП "Жас Отан" ЖҚ "Жастар Отанға!" атты арнайы
бағдарламасының тұжырымдамасын жүзеге асырудағы еліміздегі жастар
ұйымдарының арасындағы конкурстың
ЕРЕЖЕСІ

Астана қ., 2009 жыл

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже "Нұр Отан" ХДП "Жас Отан" ЖҚ "Жастар Отанға!" атты арнайы бағдарламасының тұжырымдамасын жүзеге асырудағы еліміздегі жастар ұйымдарымен ұсынылған жобаларды қабылдау және қарастыру тәртібін белгілейді.

1.2. Байқауда көрсетілген жобалардың қаржыландыруы «Жас Отан» Жастар қанатының ерекше айрықша құзыреті болып табылады. «Жас Отан» Жастар қанаты арнайы маман ретінде және тәуелсіз сарапшы ретінде ұсыныстар мен шешімдерге сүйене отырып, жобаларды өзі іріктейді, оған сараптау жүргізеді, жобаны басқарудың тірек-сызбасы мен қаржыландыру түрін анықтайды.

1.3. Қаржыландырудың детальдық процедурасы мен жобаны басқару жеке ішкі жеке құжат бойынша тәртіпке келтіріледі – яғни, жеңімпаздар жарияланғаннан кейін әрбір ұйыммен құрылған келісім-шарт арқылы.

Ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының «Жас Отан» Жастар қанаты.

Конкурстың мақсаты: Еліміздегі жастар ұйымдарынан түскен жастар арасындағы үздік деген әлеуметтік-маңызды жобаларды іріктеу.

Көкейтестілігі: Осы бағдарлама партия Көшбасшысы, ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 14 мамырдағы «Жас Отан» Жастар қанатының I Съезінде берген тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Осы Арнайы бағдарламаның құрылымды негізгі элементі - бірінғай бір мақсатқа, яғни жастардың Отан игілігі үшін ізгілікті істер жасауы, нақтырақ айтсақ: жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, гуманизм идеясын жандандыру мен қоғамға қызмет ету, үлкендерге құрмет (ардагерлерге, ата-анаға), еңбек құндылығын арттыру және т.б. Осы тұрғыда, Арнайы бағдарлама аясында концептуалды ашылған жобалардың өзі белгіленген мақсатты іске асыруды көздейтін міндеттер ретінде қарастырылуы тиіс.

«Жас Отан» ЖҚ іс-әрекеттерінің бірқатар жобалық бағыттарын I Съезде партия Көшбасшысы жастардың алдында, олардың көшбасшылары алдында тұрған міндеттер тұрғысында белгілеп берген болатын. Бұл:

- Ардагерлер мен ата-анаға деген қамқорлық;
- Патриотизм құндылықтарын насихаттау;
- Әскери борышты ақтау мәртебесін арттыру;
- Жемқорлықпен күресу;
- Әлеуметтік жобаларды дамыту;
- Қазақстан халқы Ассамблеясымен ынтымақтастықта жұмыс істеу;

- Жастар кәсіпкерлігіне қолдау көрсету;
- Болашақ ұрпақ – еңбекқор Қазақстан азаматтарын тәрбиелеу.

2. Жоба бойынша әлеуетті өтініш берушілер

- 2.1. Осы Ережеге сәйкес жобаларды қарастыруға жіберген заң жүзінде тіркеулі жастар ұйымдары мәлімдеушілер ретінде бола алады.
- 2.2. Жобаны қаржыландыруға түскен өтініш жастарды адамгершілік тәрбиесі мен гуманизм идеясын жандандыру, үлкендерге деген құрмет (ардагерлер мен ата-аналарға) еңбек құндылықтарын арттыру мен Жастар қанатының басым бағыттарына сәйкес, «Жас Отан» Жастар қанатының іс-қимыл Стратегиясы мен Жарғысында анықталғандай бағытта болуы тиіс.
- 2.3. Конкурсқа қатысудың басты талабы салалы жұмыс істейтін жастар /бастамашы топ/ ұйым санаты болып табылатын тең орындаушымен бірге жүзеге асырылатын жобаны ұсыну.
- 2.4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде бұрынғы жобаларды іске асыруда өтініш берушілер мен тең орындаушылардың қарыздары болмауы тиісті.
- 2.5. Жойылу процесінде, қалсіз деп танылған, мүлкіне тыйым салынған, экономикалық тұрғыда қызметі тоқтатылған тұлғалар өтініш беруші және орындаушы бола алмайды.

3. Өтініш беру тәртібі

- 3.1. Өтініш берушілер осы Ереженің 1 Қосымшасы мен 4 Қосымшасына сәйкес толтырылған қажетті құжаттарды «Жас Отан» ЖҚ ұсынады.
- 3.2. Осы Ереженің 1,2,3 Қосымшаларында көрсетілгендей барлық құжаттар мен ақпараттар қағаз бетіне мемлекеттік немесе орыс тілінде болуы шарт. Одан басқа, бір данадан цифрлы тасымалдаушыдағы немесе электронды көшірмесі (CD, flash-жадынама) болуы тиіс.
- 3.3. «Жас Отан» ЖҚ өтініште және оған тіркелген құжаттар ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз етеді.
- 3.4. Өтініштерді қарауда «Жас Отан» ЖҚ шығарған шешімдер немесе қабылдамауы жағдайында осы Ереженің 2 және 3 Қосымшаларына сәйкес ұсынылған құжаттар мен ақпараттар өтініш берушіге қайтарылмайды.

4. Өтініштерді қарау тәртібі

- 4.1. «Жас Отан» ЖҚ жобаны жүзеге асыруда келіп түскен өтінішке, оның толықтығы мен «Жас Отан» ЖҚ негізгі қызметіне сәйкестігіне, басым

бағыттары мен Жарғысында анықталғандай, сонымен қатар осы Ережеде талап етілгендігіне сәйкес алдын ала сараптау жүргізеді. Алдын ала жүргізілген сараптау қорытындысы бойынша «Жас Отан» ЖҚ сәйкес қорытындысы негізінде қабылдау немесе қабыл алмау туралы шешім шығарып, сонымен қоса өтініш берушіге сәйкесінше хабарлама жіберіледі.

4.2. Оң нәтиже болған жағдайда «Жас Отан» ЖҚ өтініш берушінің келісімімен жобаны жүзеге асыру бойынша қарастыратын желілік кестеде (одан әрі - желілік кесте) әзірлейді:

1) Жобаны жүзеге асырудағы қаржылық - экономикалық және әкімгершілік шаруашылық іс-шаралар, оларды жүзеге асыру мерзімінің шешілуге тиіс міндеттерді бөлшектеу мен шартты белгілерін ашу;

2) жобаның соңғы нәтижесі;

3) жобаның басқару механизмдері мен мониторингы;

5) жобаны жүзеге асыру бойынша басқа да іс-шаралар.

5. Мерзімі

1. Өтініш беру – 1 Қосымша және анкета – конкурсқа қатысу 3 Қосымша – 2009 жылғы 6 қазанға дейін;
2. Көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігін беру – 2 Қосымша – 2009 жылғы 13 қазанға дейін;
3. Конкурстан өту кезеңінде «Жас Отан» ЖҚ жеке даралық шарт жасасу – 2009 жылғы 20 қазаға дейін;
4. Жобаны жүзеге асыру мен жобаны жүзеге асырудың қорытындысы бойынша шығармашылық есеп беру – 2009 жылғы 30 қарашаға дейін.

Конкурсқа қатысуға өтініш білдіру

1.	Ұйымның атауы	
2.	Басшының А.Ә.Т.	
3.	Жоба атауы	
4.	Ұйымның мекен-жайы	
5.	Байланыс телефондары, электрондық мекен-жайы	

«Жастар – Отанға!» жобасының көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігі

1. Тұжырымдаманың атауы.
2. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың мақсаты мен міндеті.
3. Қосымша қаражат көзін тарту мүмкіндігі туралы мәлімет.
4. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың формасы мен әдісі.
5. Жобаны жүзеге асырудың қорытындысы бойынша күтілетін нәтиже.
6. Тұжырымдаманы жүзеге асыру бойынша толық іс-шаралар жоспары.

№	Іс-шара	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Өткізілу орны (облысы, орналасқан мекен, мекеменің нақты атауы мен мекен- жайы, байланыс телефондары)	Мақсатты топ және күтілетін нәтиже

7. Тұжырымдаманы жүзеге асыру бойынша жастар әріптес - ұйымдары, олардың қатысу дәрежелері

8. Шығындар сметасы.

№	Шығындар атауы	Саны	Бірлік бойынша бағасы	Теңгемен жалпы суммасы

Өтініш берушілердің анкетасы – жастар ұйымдары

1. Өтініш берушінің меншік формасы мен толық атауы;
2. Қызметкерлердің нақты саны, қабылданған жылы, ұйымның тарихы, басқарманың құрылымы;
3. Мекен-жайы, байланыс телефондары (оның ішінде тікелей жоба басшысының), факс, жоба басшысының электрондық мекен-жайы, ұйымның web-сайты/e-mail;
4. Банкілік реквизиттері: есеп шоты, БИК, РНН;
5. Негізгі мамандар туралы ақпарат, жобаға қатысы бар кәсіби тәжірибесін көрсете отырып;
6. Өтініш берушінің негізгі қызмет түрі;
7. Бірінші басшы туралы мәлімет, А.Ә.Т., білімі, білім деңгейі мен атағы.

«Жас Отан» ЖҚ ұсынуға тиісті «Жастар Отанға!» арнайы бағдарламасы шеңберінде тұжырымдаманы жүзеге асырудағы ашық конкурса қажетті құжаттар тізбесі

1. Осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес, ұйымның бірінші басшысының немесе тұлғасының қолы қойылған, оның орнын басатын ұйының мөрі бар өтініш;
2. 3 қосымшаға сәйкес, ұйымның бірінші басшысының немесе тұлғасының қолы қойылған, оның орнын басатын ұйымның мөрі бар көрсетілетін қызметтердің өтінішінің өзіндік ерекшелігі;
3. 2 қосымшаға сәйкес, ұйымның бірінші басшысының немесе тұлғасының қолы қойылған, оның орнын басатын ұйымның мөрі бар көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігі;
4. Нотариалды куәландырылған өтініш берушінің құрылтайшылық құжаттарының көшірмесі (жарғы, құрылтай келісім-шарт, мемлекеттік тіркеуден өткендігі туралы куәлік, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің иемденуі туралы куәлігі, қосылған құнға салық бойынша есепке алуға қойылу туралы куәлік);
5. Жоба өтінішіне қатысты лицензия, куәлік, сертификаттар, дипломдар, хаттамалар, басқа да құжаттар көшірмелері;
6. 1,2,3 қосымшаға сәйкес құрылған құжаттың цифрлы тасымалдаушы электронды көшірмесі (CD, flash-жадынама).